

**Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 10 наурыздағы N 218 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы. 2001 жылғы 8 ақпан N 206

"Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір Жарлықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2000 жылғы 9 қазандағы N 459 Жарлығын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының тәртіптік кеңестері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 10 наурыздағы N 218 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1999 ж., N 8, 61-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1-тармақтың 1) тармақшасындағы "Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жөніндегі мемлекеттік комиссиясы қызметін үйлестіруді жүзеге асырып отыратын" деген сөздер "Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі агенттігі жұмысын бақылайтын және тексеретін" деген сөздермен ауыстырылсын.

< \* > ( а б з а ц ы 3 - 6 0 )

**ЕСКЕРТУ.** 1-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2002 жылғы 13 желтоқсандағы N 1311 қаулысымен.

2. Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының тәртіптік кеңестері өздерінің нормативтік құқықтық кесімдерін бір айлық мерзімде осы қаулыға сәйкес келтірсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының*

*Премьер-Министрі*